

«АСТАНА МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» АҚ
№1 ҚОҒАМДЫҚ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ КАФЕДРАСЫ

ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ДЕНСАУЛЫҚ
САҚТАУ ҰЙЫМЫ. ДДҰ НЕГІЗГІ
МІНДЕТТЕРІ.

Дайындаған: Төлтебаева Ж.А

Қабылдаған:

Нұр-Сұлтан 2019ж.

Жоспар

I. Кіріспе

II. Негізгі бөлім

* Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы, тарихы

* ДДҰ-ның негізгі міндеттері мен бағыттары

* Елдегі қызметі

* ДДҰ-ның құрылымы

III. Қорытынды

IV. Пайдаланылған әдебиеттер

Кіріспе

Денсаулық сақтау саласында халықаралық дәрежеде жұмыс жасап, өзіне жауапкершілік алатын үлкен ұйым бар. Ол – Дүниежүзілік Денсаулық сақтау Ұйымы. Ұйым денсаулық сақтау саласында үлкен рөл ойнап, бүкіләлемдік денсаулық көрсеткішін жақсарту, ең сал тоатарға көп көңіл бөлу, ең қолайсыз елді мекендерге көмек көрсету, әлеуметтік маңызы бар ауруларды алдын алу, медицинадағы жаңа технологиялар мен жаңалықтар ашу, нормативтік құжаттамалармен жұмыс жасау, өзгертулер енгізу, халықаралық кездесулер өткізу, тәжірибе алмасу, маңызды тақырыптарды көтеру сияқты мәселелермен айналысады.

Жалпы Дүниежүзілік Денсаулық сақтау Ұйымында болып жатқан өзгерістер мен жаңалықтарға, халықаралық құжаттарға сай медицина саласында медициналық көмек көрсетілу қажет. Ұйымның арнайы сайты бар- <https://www.who.int/ru/>.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы

WHO –БҰҰ шеңберінде жұмыс істейтін, халықаралық деңгейде мүше-елдердің денсаулық сақтау жүйесі құрылымдарының қызметін жақсартуға ықпал ететін және үйлестіретін ұйым. ДДҰ-ның басты рөлінің мәні бүкіл әлем халқының салауатты өмір салтын қалыптастыру және денсаулығын нығайту.



**World Health
Organization**



Д-р Тедрос Адханом Гебрейесус

Генеральный директор



Всемирная организация
здравоохранения

Я представляю себе мир, в котором каждый человек в любой стране мира обладает условиями для здоровой, продуктивной жизни. Я считаю, что глобальная приверженность принципу устойчивого развития — и это отражено в Целях устойчивого развития — предлагает уникальную возможность для решения социальных, экономических и политических детерминант здоровья и улучшения здоровья и благополучия людей во всем мире. Чтобы реализовать эту концепцию и добиться прогресса в деле достижения Целей устойчивого развития, ВОЗ должна приложить все усилия для решения наиболее важных задач современности и лидеры ВОЗ должны возглавить этот процесс и, опираясь на свой опыт в сферах здравоохранения, дипломатии и политики, придать новый импульс решению проблем охраны здоровья, наиболее остро стоящих в современном мире. Учитывая реалии 21 века, нам нужна реформированная ВОЗ — принадлежащая всем в равных долях. Нам нужна ВОЗ с эффективным менеджментом, в достаточной мере обеспеченная ресурсами и работающая на результат с акцентом на прозрачность, подотчетность и рациональное использование средств.



Тарихы

ДДҰ Жарғысы 1946 жылы Нью-Йоркте (АҚШ) Халықаралық денсаулық сақтау конференциясында қабылданды. Құжаттағы негізгін қалаушы қағидаттар саны 9-ға жетті. Жарғының тармақтарында денсаулық дегеніміз организмде аурудың не болмаса физикалық кемістіктің жоқтығы ғана емес, ол табиғи (физикалық), рухани және әлеуметтік толық аман-есендік делінген. Әр адамның нәсілдік, саяси және діни көзқарастарына, әлеуметтік және экономикалық мәртебесіне қарамастан, ең жоғары деңгейлі денсаулықты иеленуге құқығы бар. Абсолюттік бейбітшілікке және қауіпсіздікке қолжеткізудегі басты факторлардың бірі әр халықтың денсаулығы болып табылады. Әрбір баланың денсаулығы мен үйлесімді дамуы аса маңызды болып есептеледі. ДДҰ жарғысының соңғы тармақтарында денсаулықтың ең жоғары деңгейіне қол жеткізу үшін әр халыққа медицинаның және оған жақын басқа да ғылымдардың барлық жетістіктерін пайдалануға мүмкіндік беру қажет делінген. Халықтың өмір сүру сапасын жақсартуда жұртшылықты ағарту ісінің маңыздылығы аз болып табылмайды. Әрбір мемлекет өз халқының денсаулығы үшін жауап береді және денсаулық сақтау саласындағы, сондай-ақ әлеуметтік сипаттағы іс-шараларды жүргізуге міндетті.

ДДҰ-ның функциялары:

- құқықтық және этикалық нормаларды негізге ала отырып, денсаулықты қорғау саласындағы саясаттың принциптері мен стратегиялық бағыттарын тұжырымдайды;
- бүкіл әлемдік қоғамдастықтың денсаулығын қамтамасыз ету үшін басымдық мәні бар мәселелерді үйлестіреді;
- қажетті бірлескен іс-шараларды жүргізу үшін өзара ынтымақтастықтың негізінде әріптестік байланыстарды дамытуға қатысады;
- медицина саласындағы ғылыми зерттеулер мен әзірлемелердің перспективалық жоспарларын жасайды, ғылыми-практикалық ізденістерден алынған бағалы нәтижелердің таратылуын, олардың практикалық денсаулық сақтауға енгізілуін ынталандырады;
- нормалар мен стандарттарды енгізуге және қолдануға жәрдемдеседі, нормативтік құжаттардың талаптарын орындалуына мониторинг жүргізеді;
- техникалық қолдау көрсетеді, мемлекеттердің денсаулық сақтау жүйесіне реформа жүргізуді ынталандырады, тұрақты институционалдық әлеуетті қалыптастыруға ықпал етеді;
- әлем елдерінде сыртқаттанушылық бойынша эпиджағдайға мониторинг жүргізеді, мониторинг нәтижелерін бағалайды.

ДДҰ қызметінің негізгі бағыттары:

Денсаулық сақтау жүйелері

Мемлекеттердің жұмыс істейтін денсаулық сақтау жүйелері ДДҰ бағдарламаларын тиімді жүзеге асыруды қамтамасыз етеді, өңірлерде және әлемде халықтың сырқаттануы бойынша ахуал бақыланады, алынған мониторингілеу мәліметтерінің негізінде, денсаулық сақтауды одан әрі дамыту үрдісі зерттеле келе, ақпараттық деректер, халықтың сырқаттанушылық деңгейі туралы ақпараттық мәліметтер жинақталып, олардың орындалу барысына мониторинг жүргізіледі.

Соматикалық аурулар

Инфекциялық емес аурулар: жүрек-қан тамырлары жүйесінің аурулары, онкопатологиялар, эндокриндік жүйе және өкпе аурулары, психикалық бұзылушылықтар, травматизм және зорлық-зомбылықтың салдары әлемдегі барлық өлім-жітім жағдайларының 70% өлім жағдайының себебі болып табылады. ДДҰ осы бағытта бірқатар бағдарламаларды әзірлейді және іске асырады.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру

ДҰ қоғам мен үкіметтің басты назарын қауіп-қатер факторларына: қоршаған ортаның ластануына, әлеуметтік және гендерлік теңсіздікке, құқықтық аспектілерге тарта отырып, салауатты өмір салтын қалыптастыруға және адамның денсаулығын нығайтуға көмектеседі.

Инфекциялық аурулар

ДДҰ АИТВ, туберкулез, безгек, басқа тропикалық паразитоздар жұқтыру кезінде медициналық көмектің, емделуге және профилактикалауға арналған препараттардың қолжетімділігін қамтамасыз ете отырып, медициналық мекемелер желісін кеңейтуге ұмтыла отырып, сондай-ақ үстінен төмендеуімен вакцинамен басқарылатын инфекциялармен ауырғандар санын төмендету бойынша мемлекеттермен бірлесіп жұмыс істейді.

Эпидемиологиялық жағдайлардың мониторингі

Төтенше жағдайлар кезінде ДДҰ елдерге аса қауіпті инфекциялық аурулардың ошақтарын жою бойынша көмек көрсету мақсатында іс-шараларды олардың орындалуын қамтамасыз ете отырып, қатерлерді инфекциялық аурулардың туындауы мен таралу қаупін бағалауға, бірінші кезектегі мақсаттарын анықтауға және стратегиясын әзірлеуге көмектесе отырып, мемлекеттердің аумағында эпиджағдайды мониторингілеу бойынша ұсыныстар беріп, қаржыландыруды үйлестіруді жүзеге асырады.

Корпоративтік қызметтер

Корпоративтік қызметтер мына функцияларды орындайды: қолдау бере отырып, алуға келісімді қызмет басқарушы органдардың реттелген қызметіне бағытталған құралдар мен ақпараттық-техникалық ресурстарды ұсына отырып қолдау; стратегиялық саясаттың негізгі бағыттарын әзірлеу үшін мүше-мемлекеттердің жиналыстарын ұйымдастыру; халықаралық шарттарды әзірлеу барысында заңды және техникалық консультациялық көмек көрсету; медициналық ақпаратты тарату, осы мақсатта персоналмен жұмыс жөніндегі бөлім жетекші сарапшыларды және медицина саласындағы әлемге танымал мамандарды тартады,

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы дағдарыстар кезінде өлім-жітімді азайту мақсатында мүше-мемлекеттердің денсаулық сақтау жүйесінің сапасын жақсартуға ұмтылады. Қиын жағдайлар кезіндегі ДДҰ іс-қимылдарының негізгі тізбесіне мыналар жатады:

- адамдардың кезеңдерінде қиын жағдайлар кезінде адамдардың өмірін құтқару және азабын азайту;
- төтенше жағдайлар кезеңінде басқару бойынша әріптестік құру және олардың арасындағы үйлестікті қамтамасыз ету;
- әзірлеу нұсқаулар барлық түрлерін, онда көрсетіледі төтенше жағдайлар кезінде медициналық қызметтер көрсетілетін сектордағы барлық жұмыс түрлеріне арналған нұсқаулар әзірлеу;
- денсаулық сақтау құрылымдарының апаттар салдарын жұмсартуға бағытталған әлеуетін нығайтады және төтенше жағдайларды жою жөніндегі белгілі бір іс-әрекеттерді белгілеуге көмектеседі
- халықаралық қолдауды және елдердің қарсы тұру шараларын қабылдауын қамтамасыз етеді.

ДДҰ-ның басты міндеттерінің бірі кедейшілік ауқымын қысқарту болып табылады. Денсаулық сақтау жүйесінің халықтың кедей және сапалы медициналық қызметтер алуға шамасы келмейтін топтарын қамтығаны өте маңызды. Ол үшін ДДҰ денсаулық сақтау қызметтерін қаржыландыру үшін, сондай-ақ білікті персонал ұсыну, тиісті жабдықтарды жеткізу және негізгі дәрілік заттармен жабдықтау шараларын қабылдайды.



ДДҰ-НЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

Жыл сайын ДДҰ –ның жоғары органы – **Дүниежүзілік Денсаулық сақтау Ассамблеясы (WHA)** жинайтын сессиялар өткізіледі. Бұл сессияларда Ұйым қызметінің негізгі бағыттары қандай болатыны, алдағы жылы қандай жұмыстар жүргізілуі қажет екендігі бекітіледі, ДДҰ-ның Бас директоры тағайындалады, бюджет айқындалады, Ұйымға қабылдау ережесі және Ұйым мүшесі қандай себептер бойынша дауыс беру құқығынан айырылатындығы анықталады. Бұған қоса, WHA-ның міндеттеріне әртүрлі жарғылар мен конвенцияларды бекіту кіреді. ДДҰ жыл сайын денсаулық сақтау саласындағы өздерінің жүргізген іс-әрекеттері туралы және осы салада қандай жетістіктерге жеткендіктері туралы есеп берулері тиіс қатысушы мемлекеттерге бақылау жүргізеді.



Атқарушы комитет – ДДҰ-ның 24 мүшеден тұратын басқарушы органы. Атқарушы комитетке кіретін делегаттарды іріктеуге қатысатын елдерді ВНА таңдайды. АК қатысушылар үш жылдық мерзімге сайланады. Бұл орган төтенше жағдайлар кезінде (эпидемия, табиғи апат және басқа) ақырғы шараларды қолдануға құқылы.



Хатшылық ДДҰ-ның Орталық әкімші органы болып табылады, оның штаб-пәтері Женевада (Швейцария) орналасқан және оны Бас директор басқарады.

ДДҰ-ның **7 000** қызметкері **150** бюрода, дислокацияланған елдерде, 6 өңірлік бюрода және Ұйымның штаб-квартирасында еңбек етіп жүр. ДДҰ-ның жоғары білікті мамандары мемлекеттердің денсаулық сақтау министрліктеріне қызмет көрсету және профилактикалық іс-шараларды жүргізу жөніндегі негізгі қызметтерді ұлғайтуға ықпал ете отырып, халыққа медициналық көмек көрсетудің ұйымдастырушылық мәселелері бойынша кеңес береді.

ДДҰ-да дәрігер-эпидемиологтар, қоғамдық денсаулық сақтау және төтенше жағдайларда қызмет көрсететін қызмет мамандары, ғылыми-зерттеу мекемелерінің қызметкерлері, сондай-ақ менеджмент саласындағы дайындығы бар жоғары білікті мамандар, статистикалық, экономикалық мәселелер жөніндегі сарапшылар жұмыс істейді.



Қорытынды

ДДҰ жарғысының соңғы тармақтарында денсаулықтың ең жоғары деңгейіне қол жеткізу үшін әр халыққа медицинаның және оған жақын басқа да ғылымдардың барлық жетістіктерін пайдалануға мүмкіндік беру қажет делінген. Халықтың өмір сүру сапасын жақсартуда жұртшылықты ағарту ісінің маңыздылығы аз болып табылмайды. Әрбір мемлекет өз халқының денсаулығы үшін жауап береді және денсаулық сақтау саласындағы, сондай-ақ әлеуметтік сипаттағы іс-шараларды жүргізуге міндетті. Созылмалы аурулардың алдын алу мен емдеу және тропикалық аурулармен күрес Мыңжылдықтың даму мақсаттарына (МДМ) қолжеткізу бағдарламасындағы негізгі тармақтар болып табылады.

Кез-келген ДДҰ мақұлдаған өзгерістер бүкіләлемдік мемелкеттердің медицина саласында даму мен денсаулық көрсеткішін артырады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. <http://dsm.gov.kz/kk/pages/ddu>
2. https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%94%D2%AF%D0%BD%D0%B8%D0%B5%D0%B6%D2%AF%D0%B7%D1%96%D0%BB%D1%96%D0%BA_%D0%B4%D0%B5%D0%BD%D1%81%D0%B0%D1%83%D0%BB%D1%8B%D2%9B_%D1%81%D0%B0%D2%9B%D1%82%D0%B0%D1%83_%D2%B1%D0%B9%D1%8B%D0%BC%D1%8B